

БЕКІТЕМІН

Ә.Мусин атындағы
Балқаш гуманитарлы-техникалық
колледжінің директоры
Е.Смағұлов
«18» 05 2018 ж.

Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжіне 2018-2019 оқу жылына қабылдау ережесі

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжіне оқуға қабылдаудың ережесі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. Заңына және 19.01.2012 жылғы № 130 техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес колледжге оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2. Колледжге негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

3. Колледжге оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделеді.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бартұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысанын колледж белгілейді.

II. Колледжге оқуға қабылдаудың тәртібі

Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсу емтихандарын өткізу

1. Әлихан Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі 2018-2019 оқу жылына 19 мамандық бойынша күндізгі және 17 мамандық бойынша сырттай оқу түріне негізгі орта білім және жалпы орта білім негізінде мемлекеттік тапсырыс және ақылы түрде қабылдауды жариялайды.

Колледж төмендегі мамандықтар бойынша оқуға қабылдайды:

Күндізгі бөлімге:

№	Мамандықтар атауы	Біліктілігі
1	1003000 «Түсті металдар металлургиясы»	100310 2 - Аппаратшы (барлық атаулар) 2ж.10ай, 1ж.10ай ; 100311 2 - Аппаратшы - гидрометаллург 2ж.10ай, 1ж.10ай ; 100315 3 - Техник - металлург 3ж.10ай, 2ж.10ай.

2	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	110803 2 - Вагондарды жөндеу бойынша слесарь 2жс.10ай, 1жс.10ай; 110814 2 - Электр жабдықтарын жөндейтін слесарь-электрик 2жс.10ай, 1жс.10ай; 110818 3 - техник-электромеханик 3жс.10ай, 2жс.10ай;
3	1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	120306 2 - Жүк пен багажды қабылдап алушы 2жс.10ай, 1жс.10ай; 120309 3 - техник-тасымалдауды ұйымдастырушы 3жс.10ай, 2жс.10ай;
4	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық камтамасыз ету»	130404 3 - Техник-бағдарламашы 3жс.10ай, 2жс.10ай;
5	0902000 «Электрмен камтамасыз ету»	090201 2 - Тарату құрылғылары бойынша электрқұрастырушы 2жс.10ай, 1жс.10ай; 090203 3 - Техник - электрик 3жс.10ай, 2жс.10ай;
6	1013000 «Механоөңдеу, өлшеуіш-бақылау приборлары және машина жасау автоматикасы»	101305 2 - Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматтандыруды реттеуші 2жс.10ай, 1жс.10ай; 101306 2 - Слесарь-жөндеуші, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика 2жс.10ай, 1жс.10ай; 101307 3- Техник-механик 3жс.10ай, 2жс.10ай;
7	0911000 «Электромеханикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу»	091102 2 - Жабдықтарды жөндеу жөніндегі кезекші электр слесарі (слесарі) 1жс.10ай, 10ай; 091103 2 - Электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электр мөнтері 2жс.10ай, 1жс.10ай; 091101 3 - Электр механигі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
8	0907000 «Техникалық жылу жабдықтары және жылумен камтамасыз ету жүйелері»	090701 2 - Жылу жүйелерінің жабдығын жөндеу слесарі 2жс.10ай, 1жс.10ай; 090702 2 - 090703 3 – техник-жылу технигі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
9	1305000 «Ақпараттық жүйелер»	130501 3 - Техник-бағдарламашы 3жс.10ай, 2жс.10ай;
10	0515000 «Менеджмент»	051501 3 - Менеджер 2жс.10ай, 1жс.10ай;
11	0518000 «Есеп және аудит»	051803 3 - Экономист-бухгалтер 2жс.10ай, 1жс.10ай;
12	0413000 «Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік	041301 2 – Ағаштан көркем заттар дайындаушы 2жс.10ай, 1жс.10ай;

	өнері» (бейін бойынша)	041315 3 – Шағын кескіндеу суретшісі 3ж.10ай, 2ж.10ай;
13	0107000 «Технология»	010701 3 - Негізгі орта білім берудің технология мұғалімі 3ж.10ай, 2ж.10ай;
14	0103000 «Дене тәрбиесі және спорт»	010302 3 - Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі 3ж.10ай, 2ж.10ай;
15	0108000 «Музыкалық білім беру»	010801 3 - Негізгі орта білім берудің және мектепке дейінгі ұйымдардың музыка мұғалімі 3ж.10ай, 2ж.10ай;
16	0105000 «Бастауыш білім беру»	010501 3 - Бастауыш білім бері мұғалімі 3ж.10ай, 2ж.10ай;
17	0101000 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру»	010101 3 - Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі 3ж.10ай, 2ж.10ай;
18	0111000 «Негізгі орта білім беру»	011109 3 «Информатика мұғалімі» 3ж.10ай, 2ж.10ай;
19	0111000 «Негізгі орта білім беру»	011108 3 «Шет тілі мұғалімі» 3ж.10ай, 2ж.10ай;

Сырттай бөлімге:

№	Мамандықтар атауы	Біліктілігі
1	1003000 «Түсті металдар металлургиясы»	100310 2 - Аппаратшы(барлық атаулар) 2ж.10ай, 1ж.10ай ; 100311 2 - Аппаратшы - гидрометаллург 2ж.10ай, 1ж.10ай ; 100315 3 - Техник - металлург 3ж.10ай, 2ж.10ай.
2	1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	110803 2 -Вагондарды жөндеу бойынша слесарь 2ж.10ай, 1ж.10ай; 110814 2 - Электр жабдықтарын жөндейтін слесарь-электрик 2ж.10ай, 1ж.10ай; 110818 3 - техник-электромеханик 3ж.10ай, 2ж.10ай;
3	1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	120306 2 - Жүк пен бағажды қабылдап алушы 2ж.10ай, 1ж.10ай; 120309 3 - техник-тасымалдауды ұйымдастырушы 3ж.10ай, 2ж.10ай;
4	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық камтамасыз ету»	130404 3 - Техник-бағдарламашы 3ж.10ай, 2ж.10ай;
5	0902000 «Электрмен камтамасыз ету»	090201 2 - Тарату құрылғылары бойынша электрқұрастырушы 2ж.10ай, 1ж.10ай; 090203 3 - Техник - электрик 3ж.10ай, 2ж.10ай;
6	1013000 «Механоөңдеу,	101305 2 - Бақылау-өлшеу аспаптары мен

	өлшеуіш-бақылау приборлары және машина жасау автоматикасы»	автоматтандыруды реттеуші 2жс.10ай, 1жс.10ай; 101306 2 - Слесарь-жөндеуші, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика 2жс.10ай, 1жс.10ай; 101307 3- Техник-механик 3жс.10ай, 2жс.10ай;
7	0911000 «Электромеханикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу»	091102 2 - Жабдықтарды жөндеу жөніндегі кезекші электр слесарі (слесарі) 1жс.10ай, 10ай; 091103 2 - Электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электр монтері 2жс.10ай, 1жс.10ай; 091101 3 - Электр механигі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
8	0907000 «Техникалық жылу жабдықтары және жылумен камтамасыз ету жүйелері»	090701 2 - Жылу жүйелерінің жабдығын жөндеу слесарі 2жс.10ай, 1жс.10ай; 090702 2 - 090703 3 – техник-жылу технигі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
9	1305000 «Акпараттық жүйелер»	130501 3 - Техник-бағдарламашы
10	0515000 «Менеджмент»	051501 3 - Менеджер 2жс.10ай, 1жс.10ай;
11	0518000 «Есеп және аудит»	051803 3 - Экономист-бухгалтер 2жс.10ай, 1жс.10ай;
12	0413000 «Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері» (бейін бойынша)	041301 2 – Ағаштан көркем заттар дайындаушы 2жс.10ай, 1жс.10ай; 041315 3 – Шағын кескіндеу суретшісі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
13	0107000 «Технология»	010701 3 - Негізгі орта білім берудің технология мұғалімі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
14	0103000 «Дене тәрбиесі және спорт»	010302 3 - Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
15	0105000 «Бастауыш білім беру»	010501 3 - Бастауыш білім бері мұғалімі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
16	0101000 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру»	010101 3 - Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі 3жс.10ай, 2жс.10ай;
17	0111000 «Негізгі орта білім беру»	011109 3 «Информатика мұғалімі» 3жс.10ай, 2жс.10ай;

5. Колледжде тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледж басшысы жұмысын I маусымнан кешіктірмей бастайтынқа былдау комиссиясын құрады.

Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, жауапты хатшы және комиссия мүшелері кіреді.

6. Колледж қабылдау комиссиясының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері білім басқармасының келісімі бойынша шешіледі.

7. Оқуға түсушілерді қабылдау нәтижесі туралы ақпаратпен оқудың күндізгі нысаны бойынша 30 тамызға дейін, сырттай оқу нысаны бойынша 30 қыркүйекке дейін ақпараттық стендіге жариялау арқылы қабылдау комиссиялары таныстырады.

8. Колледжде оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 25 тамыз аралығында, оқудың сырттай нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

9. Оқуға түсушілер колледжге оқуға қабылдау туралы өтінішінебілімі туралы құжаттың түпнұсқасын, № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), № 063 нысаны бойынша егілу картасы, 3x4 көлемдегі 4 суретті қоса береді.

Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

1) шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;

2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

3) босқын - босқынның куәлігі;

4) пана іздеуші тұлға - пана іздеуші тұлғаның куәлігі;

5) оралман - оралман куәлігі.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер колледждің тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес конкурсқа жіберіледі.

10. Колледжге түсу емтихандары:

1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

2) негізгі жалпы білімі бар оқуға түсушілер - негізгі жалпы білімнің оқу бағдарламалары көлемінде 2 пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

3) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі;

4) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

Колледжге түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

Мамандық бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндер тізбесі осы ереженің 1 қосымшасына сәйкес айқындалады.

10. Арнайы немесе шығармашылық емтихандар бойынша «канағаттанарлықсыз» деген баға алған немесе емтиханға дәлелді себепсіз келмеген азаматтар қалған емтихандарға жіберілмейді.

12-тармақта көрсетілген негізгі орта, жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін қабылдау емтихандарының нысанын, тестілеуді немесе пәндер бойынша емтихандарды колледж белгілейді.

12. Колледжге оқуға түсетін тұлғалар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың сырттай нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны 25 болып белгіленеді; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады; тестілеуге үш пән бойынша 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқтала салысымен ілінеді; тестілеу нәтижелері өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандардың, қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша алынған «3», «4», «5» бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шкала бойынша: «3» - 8 балл, «4» - 17 балл, «5» - 25 балдарға ауыстырады.

13. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында колледжде апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына апелляция комиссиясының төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен ресімделеді.

14. Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

15. Қабылдау алдын-ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

Құжаттар тіркелген күннен бастап бір аптадан аспайтын мерзімде қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерге түсу емтихандарына жіберілгендіктері туралы хабарлайды.

Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде алушыға төмендегілер көрсетілген тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

- 1) өтініштің қабылданған нөмірі мен күні;
- 2) қосымшадағы құжаттардың атауы мен саны;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің берілген күні (уақыты) және орны;
- 4) құжаттарды рәсімдеуге өтініш қабылдаған білім беру ұйымы қызметкерінің тегі, аты;
- 5) мемлекеттік қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс телефондары.

Мемлекеттік қызметті алушының осы Ережелердің 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды толық ұсынбауы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болады, бас тарту себептері жазбаша негізделеді.

III. Білім алушылар құрамына қабылдау

1. Білім беру ұйымдарына білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс: ҰБТ сертификаттарының балдары негізінде; Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар балдары негізінде; пәндер бойынша немесе білім беру ұйымдары жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған балдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес балдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

1) негізгі жалпы білім алғандар үшін екі пәннен 20 балдан кем, білім мамандықтары бойынша 25 балдан кем;

2) жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 30 балдан кем, білім мамандықтары бойынша 35 балдан кем жинағандар жіберілмейді.

Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі колледждің оқу бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Колледждің білім алушылары құрамына қабылдау:

1) күндізгі оқу нысанына - 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесулер нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында өткізіледі. Іріктеу шарттарын білім беру ұйымдары айқындайды.

2. Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын білімгерлер қатарына қабылдану байқауын өткізгенде төмендегі талапкерлер құқылы:

1) «Алтын белгі» иегерлері;

2) Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын білімгерлер қатарына қабылдану байқауын өткізгенде бірдей көрсеткіш көрсеткен екі талапкер арасынан халықаралық олимпиада жеңімпаздары, үздік білімі туралы құжат иегерлері.

- жетім балалар және ата-ана қамқорынсыз қалған балалар;
- медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы бойынша колледжде оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ 1, 2 топ мүгедектері, бала жастан мүгедектер;
- Ұлы Отан соғыс мүгедектері және соғыс қатысушыларына жеңілдіктерге және кепілдіктерге теңестірілген азаматтарға;
- ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға тапсырған ауыл жастарына;
- ҚР азаматтарына жатпайтын қазақ ұлтының өкілдеріне;

Оқуға қабылдануға жеңілдік қарастырылған талапкерлер қуәландыратын құжатты көрсетеді.

3. Білім беру ұйымдарына қабылдауды қабылдау комиссиясы кәсіптер, мамандықтар бойынша жеке ашық отырыстарда жүргізеді.

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



А. Топаркулов

**Мамандық бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің
тізбесі**

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Бейіндік пән атауы	
		Негізгі орта білім (жалпы негізгі) 9 сынып	Орта білім (жалпы орта) 11 сынып
0101000	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология
0103000	Дене тәрбиесі және спорт	1 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
0105000	Бастауыш білім беру	Математика	Математика
0111000	Негізгі орта білім	Математика	Математика
0107000	Технология	1 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
0413000	«Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері» (бейін бойынша)	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0108000	Музыкалық білім беру	1 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
0515000	Менеджмент (салалар және қолдану аясы бойынша)	Математика	Математика
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	Математика	Математика
1003000	«Түсті металдар металлургиясы»	Математика	Химия
0907000	Техникалық жылу жабдықтары және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0902000	Электрмен жабдықтау	Математика	Математика
0911000	Электромеханикалық құралдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)	Математика	Физика
1013000	Механикалық өңдеу, бақылау-өлшеу аспаптары және машина жасаудағы автоматика	Математика	Математика
1108000	Темір жол жылжымалы құрамдарын жөндеу және техникалық күту	Математика	Математика
1203000	Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару	Математика	Математика
1304000	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық камтамасыздандыру	Математика	Математика
1305000	Ақпараттық жүйелер (қолданылу саласы бойынша)	Математика	Математика